

6 мамыр
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ТАҒЗЫМ — ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ!

«ӨТКЕНІН ҰМЫТҚАН — ЕЛ БОЛМАС» дейді ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ИГІ ІСТЕР — ОСЫ ТАҒЫЛЫМДЫ СӨЗДІҢ ШЫНАЙЫ КӨРІНІСІ. АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҮШІН ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫН МАЙДАН ШЕБІНДЕ ДЕ, ТЫЛДА ДА АДАЛ АТҚАРҒАН ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ — ПАРЫЗ. СОЛ СЕБЕПТЕН ДЕ БИЫЛҒЫ МАМЫР ЕРЕКШЕ РУХТЫ, ЕРЕКШЕ МАҒЫНАЛЫ ШАРАЛАРМЕН БАСТАЛДЫ.



Биылғы жылдың 3 мамырында Ойыл ауданы әкімдігінің мәжіліс залында тыл еңбеккерлеріне арналған салтанатты жиын өтті. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы тыл ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтап, ел атынан ризашылық білдіріп, мерекелік медальдар мен сыйлықтарды табыстады.

Сол күнгі салтанат — сағынышқа, сыйластыққа, тарихқа деген тағымға толы болды. Құрметке бөленгендердің қатарында тыл ардагерлері Дариға Меңдібаева мен Ағила Ұлықпанова да бар. Бұл — соғыс жылдарындағы қажырлы еңбек пен отансүйгіштіктің бүгінгі ұрпақ тарапынан лай-

ықты бағалануы. Аудан әкімі өз құттықтау сөзінде: «Тылдағы еңбек те — майдандағы ерлікпен тең. Бүгінгі бейбіт күннің, берекелі тірліктің негізі де сол кездегі елге, жерге деген жанкешті сүйіспеншілікте жатыр» — деп атап өтті. Иә, соғыс жылдарындағы елге деген адал ең-

бек — бүгінгі ұрпаққа аманат.

Жеңістің 80 жылдығына орай аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ардагерлердің әрқайсысының шаңырағына арнайы барып, жеке құттықтап, мемлекет атынан берілген медальдар мен естелік сыйлықтарды өз қолымен табыстады. Барлығы 14 тыл ардагеріне жасалған бұл ілтипат — ардагерге деген емес, тарихқа деген құрмет. Ардагерлер аудан басшысының арнайы келіп, ел-жұрттың ыстық сәлемін жеткізгеніне алғыстарын айтып, ақ баталарын берді. Тылда жанын салып еңбек еткен аналар мен аталар — елдің елдігі мен бірлігінің айнасы. «Қартын қадірлеген елдің қазынасы кемімейді» демекші, бұл шаралар — тек құрмет емес, ұрпақ санасына ұлылықты сіңірудің де жолы. Себебі тарихты тірі адамдар жасайды. Ал оны ұлықтау — аманатқа адалдықтың айғағы. Жеңістің 80 жылдығы — ұрпақтар сабақтастығын жалғап, рухты биіктететін мерейлі белес. Бұл — жауынгерлік ерлік пен тылдағы табандылықты еске алатын, құрметтейтін кезең. Ойыл жұрты бұл аманатқа адал. Өйткені, елдің өткені — ердің еңсесі, халықтың рухы.

7 МАМЫР - ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойылдықтар!

Баршаңызды 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ел қауіпсіздігін сақтауға баса назар аударылды. Еліміздің шекарасы белгіленіп, қарулы күштеріміз құрылды.

Халқымыз «Ер — елінің қорғаны» десе, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс-күймейсің!» деген сөздері ел намысын өз тағдырынан әрқашан жоғары қойғанын байқайсың.

Қай заманда болмасын ата-бабамыз от пен оққа оранып, жанын қиса да, арын сатпаған, бір сүйем жеріне жаудың аяғын бастырмаған.

Киелі өңіріміз талай батырлар мен оғландардың Отаны болғаны баршаға аян. Осыдан 80 жыл бұрын Ұлы Отан соғысы жылдарында «отқа түскен» батырларды дүниеге келтірген топырақтан, елі мен жері үшін жанын берер азаматтарымыз бүгінгі күні де аз емес.

Бар өмірін әскери қызметке арнап, өз қызметін мінсіз атқарып жүрген сардарларымыз бен бүгінгі күні Отан алдындағы борышын адал атқарып жатқан сарбаздарымызға да алғысымызды білдіреміз.

Қадірлі жерлестер!

Тәуелсіздігіміз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айыбын арта берсін! Бейбітшілікті сүйген Тәуелсіз еліміздің айыбын асқақтатып, абыройын арттыра түсетін қуанышты күндер көп болсын! Баршаңызды атаулы мерекемен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, мықты денсаулық, елдігімізді нығайту жолындағы қажырлы еңбектеріңізге табыстар тілеймін.

Еліміздің айыбын асқақтатар ер-азаматтарымыз, сардарлар мен сарбаздар аман болсын!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар ҚАЗЫБАЕВ

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ 9 МАМЫР — ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі ойылдықтар!

Баршаңызды 9 мамыр — Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін адамзат тарихына өшпес сыз қалдырған екінші дүниежүзілік соғыс дүмпуі басылып, Ұлы Жеңістің салтанат құрғанына 80 жыл толды. Бірақ сол сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан-ұрпаққа, жүректен-жүрекке жетіп, жаңғыра түсуде. «Тау алыстаған сайын биіктейді» деген осы болар.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы айтқандай, соғыс қасірет пен қайғыны еске түсірумен бірге, қан майдандағы шайқастар мен ерен ерліктердің де естелігі. Бұл — Жеңіс жаңғырығы!

Жыл сайын мамыр айында біз майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан, тылда жанкешті еңбек еткен жандарға ерекше құрмет көрсетіп, соғыстан қайтпай қалған майдангерлерді еске аламыз. Біз аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың қайсарлығын, қажыр-күшін, биік рухын бағалай отырып, бізге ашық аспан, бейбіт күн сыйлаған ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз.

Қазіргі таңда ауданда Ұлы Отан соғысының көзі тірі куәгері болмаса да, сол Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан ерен еңбектің үлгісі болған тыл еңбеккерлері ортамызда. Жеңіс пен бейбітшілікке лайықты ұрпақ бола білу, қол жеткен жетістіктердің бағасын біліп, оны еселей түсу — біздің басты міндетіміз.

Құрметті тыл ардагерлері!

Осы мерейлі мерекеде барлық ізгі тілектер өздеріңізге арналады. Сіздердің үлестеріңмен қол жеткізген «Жеңіс» кешегі күннің ғана емес, болашақтың да жеңісі. Ол соғыстан кейінгі жылдардың қиындығын еңсеруге мүмкіндік беріп, бүгінгі күні де қоғам өміріне белсене араласуға, жастарды Жеңіс рухында тәрбиелеуге күш беріп келеді.

Сіздердің өмірлік бай тәжірибелеріңіз үшін, бізге жол нұсқағандарыңыз үшін, үнемі қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Денсаулықтарыңыз мықты, жастарыңыз ұзақ болып, жақын жандарыңыздың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөлене беріңіздер!

Бейбіт өміріміз үшін, бұлтсыз аспанымыз үшін Сіздердің алда-рыңызда тағзым етіп, басамызды иеміз!

Қадірлі ағайын!

Халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұқалмас қажыр-қайратының ерен үлгісі болған Жеңістің 80 жылдығы тағы да құтты болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілеймін! Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін!

Ізгі ниетпен, Асқар ҚАЗЫБАЕВ,
Ойыл ауданының әкімі.

ОЙЫЛДЫҢ ДАНҚЫН АСЫРҒАН ЕКІ ӨРЕННІҢ «ЕРЛІГІ»

ОЙЫЛДА ӨТКЕН ҰЛЫҚТАУ — ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН ҰЛАНДАРҒА ҚҰРМЕТТІҢ КӨРІНІСІ. 2025 ЖЫЛДЫҢ 2 МАМЫРЫ КҮНІ ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІ ЕРЕКШЕ БІР ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ КҮНДІ БАСТАН ӨТКЕРДІ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ХАНАБАТ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӨЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕЛ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТКЕН ЖАС СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ —РАМУЛЬ АСЫЛБЕКҰЛЫ САПАРҒАЛИ МЕН ЖАНДАРБЕК АЗАМАТҰЛЫ ЖАҚСЫҒАЛИЕВ ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРАЛЫП, ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ҰЛЫҚТАЛДЫ.

Бұл күн — жастардың талабы мен табандылығы, ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім мен еңбектің жемісі айшықталған күн болды. «Ер — ел үшін туады, ел — ер үшін жасайды» демекші, қос батыр ұланның жетістігі тек жеке жеңіс емес, бүкіл Ойылдың, тіпті Қазақстанның мерейі.

Олар бір спортының тасын өрге домалатып, қазақ жастарының қайсар мінезін әлемге танытты.

Шараға аудан басшылары, спорт ардагерлері мен ауыл азаматтары арнайы жиналып, құттықтау сөздерін арнады. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин боташағынан зор үміт күттіретін спортшыларды мақтанышпен атап өтті. Жеңіс — жалғыз мөре сызығынан өту емес, ол — елге деген шынайы қызмет, ерлікке толы еңбек. Бұл сөздер шараның өн бойында жүректерді тербетіп тұрды. Спортшылардың бұл жеңісті жолы кездейсоқтық емес. Рамуль Сапарғали мен Жандарбек Жақсығалиев 2019 жылдан бері жаттықтырушы Нұрасхан Сәрсенғалиевтың



жетекшілігімен бір спортының қыр-сырын меңгеріп келеді. Еңбек - ешқашан елеусіз қалмайды. 2021 жылдан бері өңірлік жарыстарда талай мәрте жеңіс тұғырынан көрінген қос саңлақ, 2023 жылы республикалық жарыста да биіктен көрінді. Ал биылғы Қазақстан чемпионатында Рамуль 154 серпе көтерумен алтын медаль иеленіп, Жандарбек жұлқа көтеру әдісімен күміс жүлде алды. Бұл нәтиже - Азия және Өлем чемпиона-

тына жолдама. Бақ пен талап қатар жүрген Өзбекстандағы дүбірлі додада да қос спортшы намысты қолдан бермеді. Рамуль Сапарғали II орын алса, Жандарбек Жақсығалиев III орынды қанжығасына байлады. Бұл — қазақ туының тағы бір мәрте төрге тігілуі, ел намысының биікте желбіреуі. Ұлықтау рәсімінің өтуіне демеушілік көрсеткен азаматтардың есімі де жұртшылық алдында зор құрметпен аталды.

Ойыл ауылдық округі әкімдігі, шаруа қожалық иелері Амангелді Исмагулов пен Исатай Берғалиев және жеке кәсіпкерлер Азат Нұғыманов пен Жұмабай Жақып, сондай-ақ 1983, 1986, 1988 жылы туған ауыл азаматтарының қолдауы — ауылдың бірлігін, ел болашағына деген жанашырлығын көрсетті. «Жеңіс — жігердің жемісі» дейді халық даналығы. Шара соңында спортшылар мен олардың жаттықтырушысы жүрекжарды лебіздерімен бөлісті. Жарыс кезіндегі есте қалған сәттер айтылып, көрермендер ерекше әсерге бөленді. Жиналған қауымнан да жылы тілектер мен баталар жауды. Ойылдың спорт саласы өсіп келеді. Бұқаралық спорт пен жасөспірімдер спортына берілген басымдық өз нәтижесін беріп жатыр. Ауылдан шыққан қара дома-лақтардың әлемдік аренада атой салуы — соның айғағы. Ертеңгі ел тірегі — бүгінгі еңбекпен шыңдалып жатыр. Бүгінгі Рамуль мен Жандарбек — ертеңгі чемпион ұрпақтың жол ашар көшбасшылары. Жеңісті күндеріміз көп болғай!

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ҒА МӘРТЕБЕСІ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ СОТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ КҮНДЕЛІКТІ КҮН ТӨРТБІНЕН ТҮСКЕН ЕМЕС. АТАП АЙТҚАНДА, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӨРТЕБЕСІН КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДА АРНАЙЫ ЖОСПАРЛАР ҚҰРЫЛЫП, АТАЛҒАН БАҒЫТТА ТИІСТІ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛУДА.

Сонымен қатар, барлық істер, құжаттар айналымы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ақтөбе облыстық соты мемлекеттік тілде қаралған істердің және мемлекеттік тілдегі құжат айналымдары бойынша талдау жасап отырады. Осы аталған талдау нәтижесінде Ойыл аудандық соты жоғары нәтиже көрсетіп, бірнеше рет марапатқа ие болды. Ақтөбе облыстық сотының осы атқарып жатқан шарасы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстардың бір парасы.

Қазақстанда тілдердің қолданылуын реттейтін құжат - Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» N 151 Заңы. Осы аталған заңда мемлекеттік тіл – мемлекеттің барлық аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында әрекет ететін мемлекеттік басқару, заңнама, сот өндірісі және іс жүргізу тілі. Қазақ тілін меңгеру әрбір азаматтың парызы, ал тілдің өзі – қазақстандықтарды біріктірудің маңызды факторы екенді айтылған. Мемлекеттік тіл туралы заңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады, мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды, тілдің дамуы мемлекеттік тілдің ба-

сымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезек-кезекпен көшіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен қамтамасыз етілетіндігі көрсетілген. Сонымен қатар аталған заңда лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылу салаларында олардың пайдаланылуына кез келген кедергі келтіру, сондай-ақ деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бойынша талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғатындығы ескертілген.

Кез-келген адамның қасиеті салт-дәстүрін сақтаумен, өзінің туған жерін, атамекенін сүйумен, өзінің ана тілін білумен өлшенбек. Біліп қана қоймай, күнделікті тұрмыста қолдану аясын кеңейтіп, тілге деген жанашырлық сезімінің болуынан көрініс табады. Ендеше, татулық пен тұрақтылықтың негізіндей болған туған тіліміз тұғырлы, тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы үшін баршамыз тіл мерейінің жоғарылауы үшін әрекет ету қажеттілігі туындап отыр.

С. ШАЙМАҚОВА,
Ойыл аудандық сотының
кеңсе бас маманы.

ОМБУДСМЕН ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЖАРИЯЛАДЫ

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2024 жылы атқарған қызметі туралы жыл сайынғы баяндамасы жарияланды. Құжатта адам құқықтары саласындағы негізгі проблемалар, келіп түскен өтініштер мен қабылданған әрекет ету шаралары жөнінде ақпарат берілген. Сондай-ақ елдегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жағдайын жүйелі түрде жақсартуға бағытталған ұсынымдар қамтылған.

Баяндамадағы дерекке сәйкес, 2024 жылы Уәкілдің атына 6 748 өтініш келіп түскен. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 16,9%-ға артық. Ең көп көтерілген мәселелердің қатарында – сотқа дейінгі тергеу органдарының әрекеттеріне шағымдар, сотталғандардың құқықтарының бұзылуы және сот актілеріне келіспеушілік бар. Өтініштерді қарау нәтижесінде 97 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 5-уі әкімшілік жазаға тартылды. Төрт жағдайда қылмыстық іс қозғалды.

Құжатта денсаулық сақтау құқығының бұзылуына қатысты шағымдардың 2,5 есе өскені атап өтілген. Азаматтар медициналық қызмет сапасының төмендігіне, медицина қызметкерлерінің салғырттығына, емдеу мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі қиындықтарға шағымданған. Сонымен қатар, азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерге қатысты шағымдардың саны 30%-ға азайғаны көрсетілген. Бұл мәліметтер прокуратура органдарының ресми статистикасымен де сәйкес келеді. Мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша қабылданған шаралар АҚШ, Еуропа Кеңесі, Еуропалық одақ және БҰҰ сынды халықаралық

ұйымдардың оң бағасына ие болды. Баяндаманың жеке тарауы қоғамның осал топтарының құқықтарына арналды. Балалардың құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдар саны 2,5 есе, әйелдерге қатысты – екі есеге жуық өскені байқалады. Білім беру саласына қатысты өтініштер де 2,5 еседен астам артқан. Жүгінушілер буллинг фактілері, қорғаншылық органдарымен туындаған дау, сондай-ақ көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды мамандандырылған білім беру мекемелеріне қабылдау квоталарын қайта қарау туралы мәселелерді көтерген.

Баяндамада Омбудсменнің араласуы арқылы азаматтардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілген нақты мысалдар бар. Атап айтқанда, заңсыз салынған айтыпұлдардың күшін жою, қылмыстық тергеулердің басталуы, тергеу әрекеттерінің жандандырылуы, мүгедектігі бар азаматтарға тиесілі төлемдердің қайта тағайындалуы сияқты нәтижелер көрсетілген. Құжатта алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінген. 2024 жылы Уәкіл мен оның өкілдері жабық мекемелерге 800-ге жуық мониторингтік бару жүргізді. Олардың шеңберінде бас бостандығынан айырылған адамдардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу және жазаны жеңіл түрлерімен ауыстыру тәрізді құқықтарының сақталу мәселелері қарастырылды. Баяндамада ғылыми-талдамалық жұмыстың нәтижелері мен заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдар да қамтылған. Атап айтқанда, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға кедергі келтіретін құқықтық олқылықтарды жоюға бағытталған 20-дан астам ұсыныс әзірленген.

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРГЕН БИЛІК – СЕНІМДІ ТІРЕК

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында ауыл өміріне тікелей әсер ететін бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

Жайылым тапшылығы – ауыл халқы үшін ең өзекті мәселе. Малды өріске шығара алмай отырған ел жайылымдық жердің әділ бөлінуін қалайды. Бұл – әділет пен тұрмыстың тірегі. Тағы бір түйткіл – мал өлекесін көмуге арналған арнайы орындардың жоқтығы. Бұл экологиялық және санитарлық қауіп төндіреді. Тиісті орындар нақты шешім қабылдауы тиіс. Қоқыс жинау мен оны сұрыптау мәдениеті де күн тәртібіне көтерілді.

Тазалық – тәртіп пен тұрмы-



«ПАРАСАТ БИГІНДЕГІ ҚАЛАМҒЕР»

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ «КОВОРКИНГ» ОРТАЛЫҒЫНДА 2025 ЖЫЛЫ «БІР ЕЛ – БІР КІТАП» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ТАҢДАЛҒАН, ӨДЕБИЕТИМІЗДЕ ПРОЗА ЖАНРЫ БОЙЫНША ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАЛАРЫН ҚАЛДЫРҒАН ҰЛТЫМЫЗДЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ, АҚЫН, СЫНШЫ, АУДАРМАШЫ, СУРЕТКЕР ТӨКЕН ӨЛІМҚҰЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ПАРАСАТ БИГІНДЕГІ ҚАЛАМҒЕР» АТТЫ БИБЛИО-КАФЕ ӨТКІЗІЛДІ.



Ұлтымыздың көрнекті жазушылары артында қалған әдеби шығармалары бұл күндері әр дәрежеде талданып, ғылым кеңістігінде өзінің тиісті бағасын алып жатыр. Солардың бірі һәм бірегейі, жұлдызы нұрлы жазушы-суреткер

Төкен Өлімқұлов десек артық айтқанымыз емес. Дарабоз суреткер шығармаларының кейіпкерлері көбіне өнер адамдары – сазгерлер мен күйшілер, абыздар мен ақындар болатын. Төкен Өлімқұлов 1918 жылы 2 қыркүйекте қазіргі

Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында дүниеге келген. Әдебиетке поэзиямен қадам басқан ол әдеби сынға белсене араласып, сындарлы сыншы ретінде танылады. Көркем аударма саласында елеулі еңбек еткен қаламгер проза жанрына да сүбелі үлес қосты. Сондықтан, жазушыға арналған кешіміз «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин, Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің домбыра үйірмесінің жетекшісі Салтанат Мерғалиева, өз шәкірттерімен және «Ардагерлер» клубының мүшелері, Мәдениет үйінің қызметкерлерімен толықты. Кеш барысы кітапханашылардың ұсынған мәзірі бойынша «Жыр шайы», «Өнер десерті», «Проза тәттілері» атты арнайы үстелдер де жалғасты. «Жыр шайы» үстелінде ақынның өлеңдері оқылса,

«Өнер десерті» үстелінде Мұзыка мектебінің домбыра үйірмесінің жетекшісі Салтанат Мерғалиева өз шәкірттерімен бірге бірнеше күйлерді орындап кешіміздің сәнін келтірді. «Проза тәттілері» үстеліне де кезек келіп, Еркін Жиеналин мырза жазушының «Қарай» әңгімесін ортаға салып, өз ойымен бөлісті. Кеш соңында қонақтарымыз ой пікірлерін айтып, алдағы уақытта да басқа мектеп оқушыларының осындай шараларға қалмай қатысуы керектігі жөнінде ұсыныс білдірді. Алдағы уақытта аудан тұрғындары мен мектеп оқушыларын рухани қазынамызды, құндылықтарымызды байыту мақсатында ақын - жазушыларымыз туралы кешке қатысып, өз білімдерін кеңейтуге шақырамыз.

Назәрке МАРАТҚЫЗЫ,
Ойыл аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.

«БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ШАРАЛАРЫ»

Ақтөбе облысының Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменті нарықтағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатында көптеген шаралар қабылдайды. Жұмыс барысындағы басты міндеті – шағын және орта кәсіпкерлікті қорғау, монополияны шектеу және нарықта бәсекелестікті дамыту. Департамент екі негізгі бағытта жұмыс істейді: Бәсекелестікті қорғау – бұл ірі компаниялар мен мемлекеттік құрылымдардың нарықтағы үстемдігін бақылауды қамтиды. Бәсекелестікті дамыту – нарықта жаңа кәсіпорындардың кедергісіз пайда болуына жағдай жасау. Өткен жылы Департамент облыс аумағының түрлі тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жәй-күйіне 4 жоспарлы және 17 жоспардан тыс талдаулар жүргізіп, нарықтағы негізгі мәселелерді анықтады. Мұнай өнімдерін сақтау нарығында «Өлія Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ негізгі қуат иесі ретінде анықталып, барлық нарық қатысушыларына әділ және тең қолжетімділік қамтамасыз ету міндеттелді. Бұл қадам нарықта бәсекелестіктің дамуына ықпал етіп, басқа

қатысушылар үшін де тиімді жағдай туғызуға бағытталған. Бұдан басқа, тауар нарықтарындағы кедергілерді анықтау және жою бойынша 20 отырыс өткізді. Нәтижесінде мемлекеттік органдарға бәсекелестікті дамыту бойынша нақты ұсынымдар жолданды. Сонымен қатар, мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлерін кеңейту де маңызды бағыттардың бірі болды. 111 мониторинг нәтижесінде, мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың монополияға қарсы органның келісімін алмай, қызмет түрлерін жүзеге асыруына жол берілмеді. Бұл шаралар бәсекелестікті қорғауға және нарықта әділ бәсекелестік орнатуға бағытталды. Бәсекелестікті дамыту бағытында Департамент монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы жергілікті атқару органдарының түскен 14 өтінішхаттарын қарап, нәтижесінде, ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыра-

тын жеке нарықтың субъектілерінің болуына байланысты 13 өтінішхат бойынша жергілікті атқарушы органдарына келісім беруден бас тартылды. Департамент мемлекеттік органдардан мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметін кеңейту туралы өтініштерді қарап, олардың нарықтағы бәсекелестікке қалай әсер ететінін бағалайды. Көп жағдайда, нарықта бәсекелестік жақсы дамығандықтан және көптеген жеке кәсіпкерлер бар болғандықтан, бұл өтініштерді қабылдамайды. Дегенмен, ерекше жағдайлар да болады. Мысалы, Ақтөбе қаласында 100% мемлекет қатысатын жаңа заңды тұлға құру туралы өтініш түсті. Оның мақсаты – алданған үлескерлердің мәселелерін шешу. Бұл заңды тұлға тұрғын үй құрылысындағы аяқталмаған нысандарды аяқтауды жоспарлады. Департамент осы жағдайды ескере отырып, тұрғын үй құрылысының мәселелі нысандарын 5 жыл ішінде аяқтауды қамтамасыз ету үшін бұл заңды тұлғаны құруға келісім берді. Осылайша, алдағы 5

жыл ішінде бұл ұйым өз міндетін орындап, үлескерлердің мәселелерін шешкеннен кейін таратылады. Бүгінгі күні Ақтөбе облысында экологиялық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында бірнеше шара жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама елдегі санитариялық тазалықты жақсарту, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыруды ұйымдастыруға бағытталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орында аясында облыста бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың қызмет түрлері кеңейтілуде. Департамент өз тарапынан бұл қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындардың нарыққа кіруін жеңілдетіп, бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді.

Д.ІЗБАСОВА,
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы.

2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.,	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ	Избасов Адилбек Жансерикович	Округ әкімі	Әр аптаның сәрсенбісі. Сағ. 10:00 -12:00 ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 73-2-62 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ОЙЫЛ АУДАНЫ КӨПТОҒАЙ ЖӘНЕ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ

2025 жылғы 18 мамыр

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2025 жылғы 18 мамырға тағайындалған Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің сайлауында аталған округ сайлаушыларының дауыс беруі таңертеңгі сағат 7.00-де басталып, кешкі сағат 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

Қ/С	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
2	№400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
3	№401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
4	№569	Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-44
5	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
6	№408	Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-45
7	№409	Шикұдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі 18, «Шикұдық ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
8	№410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
9	№411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82

ТІЛСІЗ ЖАУ

жылдың мезгілін таңдамайды

жылдың қай мезгілінде де өзіне төн қатері бар. Қыста қарлы боран, көтемде су тасқыны, жазда дала өрті... Сондықтан, Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі орман дала алқаптарында, тұрғын үй аумақтарында өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды тағы да ескертеді.

Өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын аудандық газетке мақалалар беріліп, атқарылған түрлі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары әлі де азаймай келеді.

Орман дала алқаптарында өртті болдырмау үшін:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай сіңген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.
- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;
- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;
- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- облыстық және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;
- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс;
- пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тиым салынады;
- шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырту арқылы өрттен қорғауы қажет

Далалық жерлердегі өрт-

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

«БЕЙБІТ КҮННІҢ БАҒАСЫ - ҰЛЫ ЖЕҢІС»

ҰЛЫ ЖЕҢІС, ЯҒНИ, 1945 ЖЫЛДЫҢ 9 МАМАРЫ – МИЛЛИОНДАҒАН АДАМНЫҢ АРМАНЫ БОЛҒАН БЕЙБІТ КҮННІҢ БАСТАУЫ. ҰЛЫ ЖЕҢІС –БҰЛ ӨТКЕННІҢ ЕСТЕЛІГІ ҒАНА ЕМЕС, БҰЛ КҮН –БАТЫРЛЫҚ ПЕН ЕРЛІКТІҢ, БІРЛІК ПЕН ҰЛЫ ТЫМАҚТЫҢ МЕРЕКЕСІ, ҰМЫТЫЛМАС ТАРИХ, ТАҒЫЛЫМДЫ САБАҚ, МӨҢГІЛІК ӨНЕГЕ.



Осы қасиетті күнді жақын-датқан жауынгерлердің ерлігі – мәңгілік тарих. Бүгінгі бейбіт күн, ашық аспан, көгімізде желбіреген көк байрағымыз - ол кешегі майдангерлердің жанқиярлық ерлігінің арқасы. Жылдар өтсе де Жеңіс даңқы өшпек емес. Ардагерлерге құрмет - болашаққа жол, жастарға – аманат. Естелікке толы ұлы күнді ұлықтау, батырлар рухына тағзым ету, бейбіт өмірдің мәнін ұғыну мақсатында аудандық ОКЖ-сінің ұйымдастыруымен «Бейбіт күннің бағасы - Ұлы Жеңіс» тақырыбында тағылымдық кеш өткізілді. Бұл шара – соғыс отының арасынан аман шыққан ардагерлерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақтың тағылымы мен тағзымы тоғысқан маңызы зор рухани кеш болды.

Шараға «Ардагерлер» клубының төрағасы Б.Бақтыгереев, клуб мүшелері А.Алтыбаев, А.Шамұлы, Мәдениет үйінің әншісі Б.Ешпанов және Ойыл аграрлық колледжінің студенттері мен аудан жастары, кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Буындар

арасындағы рухани байланыс пен ел тарихына деген ортақ тағзым бүгінгі кештің басты өзегіне айналды. Ойыл ауданынан майданға аттанған жерлестердің өмір жолы мен ерліктері туралы архивтік деректер мен бейнероликтер көрсетілді. Ардақты ардагерлеріміз сұрапыл соғыс кезінде қан майданда от кешкен батырлықпен ерлік көрсеткен аталарымыздың өңгімелері мен тыл,еңбек ардагерлерінің қажырлы еңбектері туралы жан тебіренерлік деректермен бөлісе отырып, тәлім-тәрбиелік мәні бар мағлұматтарын жас ұрпаққа жеткізе білді.

Ұлы Жеңіс – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның берік негізі. Біз үшін, бейбітшілік үшін қасық қаны мен маңдай терін төккен батыр бабалар рухы мәңгі ұмытылмайды, болашаққа сеніммен қарайтын ,арманы асқақ, мақсаты айқын бүгінгі жас ұрпақ үшін бұл мереке – мәңгілік өнеге, қасиетті құндылық екені даусыз.

Салтанат РЗИНА,
Ойыл аудандық ОЖК-сінің кітапханашысы.

ТАЗА БЕЙСЕНБІ

КӨПТОҒАЙ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ТАЗАЛЫҚТЫ ТУ ЕТТІ!

КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» АТТЫ КЕҢ АУҚЫМДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ӨТТІ.



Табиғатты аялауды жанына серік еткен ауыл тұрғындары бұл күнді нағыз тазалық мерекесіне айналдырды. Ауылдың іші-сырты, жол бойындағы аумақтар тазартылып, жол жиектерінде және ауыл маңында өсіп тұрған ағаштарға санитарлық кесу жұмыстары жүргізілді. Құраған бұтақтар кесіліп, арнайы техниканың көмегімен шығарылып, қоршаған ортаға керік берілді. Бұл шараға аманаттық депутат Тілекбай Амиров, «Көптоғай» бастауыш партия ұйымының мүшелері, «Жастар Рухы»

жастар қанатының өкілдері және елді мекен тұрғындары белсене атсалысты. Әрбір қатысушы туған жерінің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу парызы екенін дәлелдеді. азаматтық Мұндай игі бастамалар тек табиғатты қорғау ғана емес, ел ішінде бірлік пен жанашырлықтың бар екенін көрсететін өнеге. Көптоғайлықтар осы бірлік пен белсенділік арқылы туған жерге деген сүйіспеншіліктің нағыз іспен дәлелдеп отыр. Таза ауыл - таза болашақтың кепілі!

“АСЫҚ АЖЫП ОЗҒАНДАР”

Ұлттық рух пен ұрпақ сабақтастығы – бұл ұғымдар бүгінгі күннің басты құндылықтарының біріне айналды. Ойылда өткен асық ату жарысы осының айқын дәлелі болды. Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде ұйымдастырылған бұл шара – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына тағзым ретінде ғана емес, рухани жаңғырудың жарқын көрінісі ретінде ел есінде қалды.

"Жаңғырған дәстүр – ұрпаққа мұра" дейді дана халқымыз. Асық ату – талай ұрпақты тәрбиелеген, қол мен көздің, сана мен сезімнің үйлесімділігін талап ететін көне өнер.

Осы өнердің қайта жаңғырып, жас буынның қызығушылығын оятуы – елдік мүдде мен тәрбиелік бағыттың тоғысқан тұсы. Жарысқа ауданның әр ауылынан жиналған жас спортшылар қатысты. Олар ептіліктерін, мергендіктерін, сабырларын сыңа салды. Әрбір асықтың дауысы – елдің рухын жаңғыртқан үні іспетті естілді. Мұндай шаралар – тек ойын ғана емес, тәрбие мектебі. Себебі асық ойыны жасөспірімдердің бойындағы байсалдылықты шыңдайды, жүйке жүйесін тыныштандырады, сергектікті арттырады. Бұл – бүгінгі цифрлы дәуірде ұлттық негізге сүйенген тәрбие деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық және ұлттық спортты да-

мыту туралы Жолдауларында ерекше тоқталғаны да тегін емес. Елбасы айтқандай, "ұлт болам десең, бесігіңді түзе" – сол бесік тәрбиесі осы ойындарда жатыр.

Жарыс нәтижесінде Ойыл ауылының мақтанышы Нұрлан Мұқашев жеңіс тұғырынан көрінді. Екінші орынды жерлесіміз Артур Нұрғалиев иеленсе, үшінші орынға Алдаберген Ардақұлы көтерілді. Олар арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтармен марапатталды.

Ал жарысқа қатысқан барлық спортшыларға алғыс хаттар табысталды. Жеңіс – тек мәреге жету емес, рухани өсу мен ұлттық болмысқа қайта оралу екенін дәлелдеген бұл жарыс жас ұрпақтың санасында терең із қалдырды. Аға буын – спорт ардагерлері де бұл жарысты жоғары бағалап, ұлттың болашағы осындай тағылымды істерде екенін айтты. "Өткенді білмей, келешекке қадам басу мүмкін емес" деген ұлағатты сөз бар. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған осы жарыс – соғыс майданындағы батырлық пен бүгінгі бейбіт күндегі рухани жаңғыру арасындағы алтын көпір іспетті болды. Асық атылған сайын елдің үміті де алға озғандай әсер қалдырған бұл жарыс – ұлттық сана мен спорттық серпілістің көрінісі. Көптің көңілінен шыққан тағылымды шара алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.



ЕКНЕ - ҚОРҒАНЫШ КЕПІЛІ!

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен Еуропалық иммундау апталығы жыл сайын 2005 жылдан бері өткізіліп келеді. Биылғы жылы иммундау апталығы 27- сәуір мен 3 мамыр аралығында өткізілді. Апталықтың ұраны «Баршаға арналған иммуназация –адамзаттың қолында».

Иммундау инфекциялық аурулардың алдын алудың ең тиімді тәсілі. Вакцинацияның арқасында табиғи шешек, полиомиелит, күл сияқты бірқатар аурулардың таралуы тоқтатылды.

Бүгінде еліміздің ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сай 13 жұқпалы ауруға қарсы вакцина мемлекет есебінен тегін жүргізіледі.

Барлық вакцина мемлекеттік тіркеуден өткен және дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап елімізде адам папилломасы вирусына иммундау бағдарламасы іске асырылып, 11-12-13 жас ара-

лығындағы қыз балалар арасында вакцинация жүргізілуде. Қазіргі таңда 254 қыз бала алғашқы дозасын алды. Егілгендер арасында жағымсыз реакциялар тіркелген жоқ. Дегенмен соңғы жылдары ата-аналардың балаларына екпе жасаудан бас тартуының артуына байланысты қызылша, көкжөтел ауруларының балалар арасында артуы байқалды. Осы аурулармен ауырғандардың науқастардың 95% уақтылы екпелерін алмағандар арасында тіркеліп отыр. Сондықтан, ата-аналарды баланың болашағына бей-жай қарамай, дақпыртқа сенбей, вакцинаның маңыздылығын түсініп, балаларыңызды жоспарлы екпелермен қамтуға шақырамыз. Өйткені, вакцинация жұқпалы аурулардың ауыр асқынулары мен өлім жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

